

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеу, соған сәйкес орфографиялық және орфоэпиялық ережелерді дайындау. ОЖТ-ға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Еуразия ұлттық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық, Назарбаев, Сүлейман Демирел атындағы Қазақ-Түрік, Қыздар педагогикалық, Павлодар мемлекеттік, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттерінің ғалымдары тартылған. Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жетілдіру жұмыстарының ауқымдылығына байланысты жұмыс тобының құрамы өзгеріп отырған. Атап айтқанда, 2018 жылы қаңтарда құрылған жұмыс тобының құрамында 31 адам, 2019 жылы 25 адам, 2020 жылы 27 адам болған. Жұмыс тобының отырысы «Қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру бойынша іс-шаралар жоспарына» сәйкес тоқсан сайын ұйымдастырылып, насихат жұмыстары кеңінен жүргізіліп отырған.

«Қазақ тілі. Грамматика мен емле» – Т.Шонанұлының бастауыш мектептің 3-4-сыныптарына арналған оқулығы. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты қабылдаған оқулық 1934, 1936 жылдары Қызылорда (94 бет), Алматы (92 бет), т.б. калаларында басылған. 3-сынып оқулығында сөйлемдегі сөздердің байланысы, зат есім, жалпы және жалқы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, оның түрлері, сөйлем түрлері, түбір мен қосымша, демеу сөздер, үндестік заңы т.с.с. түсінік берілсе, 4-сынып оқулығында сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, қаратпа сөз, қыстырма сөз, төл сөз бен автор сөзі, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер, тыныс белгілер қамтылған. Еңбек А.Байтұрсынұлы еңбектеріне тыйым салынған кезде шығуына байланысты сол кездегі саясаттың ықпалымен терминдерді өзгертуге деген талпыныстар жасалғаны байқалады. Алайда А.Байтұрсынұлы оқулықтарындағы негізгі терминдер сол күйінде қолданылған.

«Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» – профессор Қ.Жұбановтың ғылыми еңбегі. Алматыдағы «Ғылым» баспасынан 1966 жылы шықты. Көлемі – 362 бет. Таралымы – 2400 дана. 1999 жылы ғалымның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында осы жинақты толықтырылған екінші басылымы «Ғылым» баспасынан, 2010 жылы «Атамұра» баспасынан қайта шықты. Ғылыми еңбекке қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздерін қалаушылардың бірі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасы, әдебиет, мәдениет және өнерге қатысты зерттеулері енген.

«Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздардың түрленімі» – С.Оразалиннің 2001 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі жуысыңқы дауыссыздардың зерттелу жайы, бейтербеліс, тербелімді және тербелінкі жуысыңқы дауыссыздардың жасалым түрленімі сияқты мәселелерді қарастыратын 4 тараудан тұрады. Жұмыстың жаңалығы – қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының үйлесім белгілерінің құрамы мен жүйесі анықталып, тілдің артикуляциялық базасы жаңа тұрғыдан сипатталуы, сондай-ақ, қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының үйлесім